


# Егемен Қазақстан

**Шандозды сағынғанда...**

**Халқымыздың біртуар перзенті Әбіш Кекілбайұлын еске алғанда  
жадыма түскен жазбалар**



Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада халық жазушысы, Енбек Ері Әбіш Кекілбаевты еске алу кеші өтті. Кешке зиялы қауым өкілдері, қарасы мол оқырман, қарапайым жұртшылық көптеп келген екен. Басқосудың бұйдасын ұстаған Мырзатай аға Жолдасбеков заңғардың заман алдындағы зайырлы қызметі туралы әріден әңгіме қозғап, жақсы әсерге жетелеп отырды. Менің де айтарым аз емес еді,

**бірақ сөз кезегі тие қоймады. Әрине, Әбекенді білетіндер көп, сөйлейтіндер де баршылық. Мен Әбіш ағаның жанында отыз жылдан астам бірде інісіндей, бірде баласындай, реті келгенде, кеңесшісіндей болып ере жүрдім. Сол жерде айта кететін, айтылуы тиіс, кезеңі келген жайттар бар еді. Солардың бір парасын қағазға түсіріп, көпке жеткізген жөн болар деген ойға келдім.**

Біз, әдетте, қаламгер Әбіш Кекілбаевты тек жазушы ретінде ғана көріп, барлық әңгіменің ауанын да, аумағын да осы төңіректен іздейміз. Әрине, оның қаламгерлік қуаты, суреткерлік ерекше стилі туралы айту қажет. Тіпті, ол заңдылық та. Бірақ Әбіш әлемі бірізді дүниеден де күрделі. Ол сан ізді сүрлеудің бәрінде кекілбаевтық келбетін көрсеткен кемел адам еді.

Әбіш Кекілбайұлы, алдымен, ақын. Сосын прозашы, драматург, әдебиеттанушы, сыншы, тарихшы, философ, эстет, сценарист, энциклопедист, архивариус, өлкетанушы, жаратылыстанушы, қоғамтанушы, әлеуметтанушы, халықтанушы, ғаламтанушы, саясаткер, мемлекеттанушы, дінтанушы, сәулеттанушы, өнертанушы, аудармашы, публицист, редактор, гуманист, интернационалист, депутат, аса көрнекті мемлекет қайраткері. Тәуелсіздікке тізесі бүгілгенше қызмет еткен азамат.

Бір адамның бойына осыншама білім мен білікті, ой мен зейінді кім берді деген сұрақ көп жанның қызығушылығын тудыратыны рас. Әдебиеттегі жолын ақындықтан бастаған Әбекеннің ұлттық мектебі тарихы талайға кететін, жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен киелі Маңғыстаудың бағзы баянынан да, жаңғырған жапан даланың заман ашқан аянынан да тәлім алған. Ислам діні алғашқы сүрлеуін осынау маң даладан бастаған. Ислам ілімін таратуға келген үш жүз алпыс машайық – діндарлар ұлы даланың әр қиырына имани бағыт алып, осы жерден асатаяғын жолбасшы, Ұлы пайғамбардың өсиетін қолбасшы етіп, қазақ даласының жаңа рухани тынысына адамгершіл самалын жеткізген. Содан бері бұл аймақ «үш жүз алпыс әулиелі Маңғыстау» атанған.

Кейін келе, замандар өте, «үш жүз алпыс әулие» тіркесі азды көбейтуге, көпті кеңейтуге әуес қазақ жұрты үш жүз алпыс екі әулие деген тың теңеуге де тыныс ашқан.

Әбіш Кекілбаевтың рухани болмысы мен заманауи тұлғасын тереңірек тану үшін Маңғыстаудың табиғаты мен тарихын жете білген жөн. Қаламгер қашанда туған топырағына тартады. Туған елінің тарихына тартады. Бала жастан көкірегіне сіңген шежіре мен өзі көріп, біліп өскен жайттарға етене ден қойғандықтан, оның дүниетану болмысы өзгеден оқшау, өзіндік ерекшелікке ие болатыны содан. Осы тұрғыдан келгенде, Кекілбаевты тану үшін Маңғыстауды тану керек, Маңғыстауды тану үшін Кекілбаевты түсіну керек. Дала философиясының дәні де, мәні де ұлы даламызда жатыр. Әбіш әлемі осынау тарихи аймақтың талайлы шежіресі мен талғамды танымын көрсететін көрнекі құрал секілді. Әбіш әлемі деген теңеуге орынды баға беру үшін әуелі Ұлы Даланың ұлан-ғайыр тарихын көңілге қондыру керек. Осынау даланы тануға деген азаматтық парасат керек.

Осыны барынша байыпты сезінген Мырзатай ағамыз 1992 жылдың қыркүйек айында «Қазақ әдебиеті» газетінде Әбіш Кекілбаевты «Әулие» деп жазды. Үкіметтің адамы, ғылыми коммунизмнің дәрістерін де кезінде бойына сіңірген, мемлекеттік қызметтің мәртебесін көтеріп келе жатқан Мырзатай Жолдасбеков қаламынан туған сол теңеу біреулердің апшысын қуырып, біреулердің ашуын туғызғанын да білеміз. Маңғыстау жұртшылығы машайықтардың ұлы көшіне қосылған жерлестерін жаңадан көргендей болып, оған «үш жүз алпыс үшінші» деген нөмірді өздері бергендей қуанды.

1982 жылы әдебиеттің ғасырлық кезеңін саралап отырған Еуропаның белді бір ұйымы «соңғы жүз жылдықтың атақты жүз қаламгері» деген портрет-плакат шығарды. Олардың ішінде Толстой,

Әуезов, Достоевский, Чехов, Маркес, Хэмингуей, Борхес, Паустовский, Федин, Шыңғыс Айтматов, Расул Гамзатов, тағы басқа даңқтылар бар. Осылардың ішінде екі қазақтың бірі болып Әбіш Кекілбаев тұрды. Мақтандық. Әлі де мақтанамыз.

Бұл жазылғандардың бәрі жоғарыда айтылған кездесу барысында көкейде көлденеңдеп тұрған-ды. Айтылған жайлардың әуені Әбіш ағаның шығармашылық қуатын жан-жақты ашып тастай алған жоқ. Ол мүмкін емес те еді. Бұл жазушыны дүниеден озғаннан кейінгі ең алғашқы еске алу кеші болғандықтан, айтылған жайлар, әрине, алып қаламгердің ауқымын бірден қамти алмайтыны да белгілі.

\* \* \*

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарында, біздің толқынның студенттік шақтарында, Әбіш Кекілбаев есімі әдеби ортада дүрілдеп тұрды. Сол жылдары жиі болып жататын әдеби кештерде ақындар: Ғафу Қайырбековтің, Жүмекен Нәжімеденовтің, Қадыр Мырзалиевтің, Тұманбай Молдағалиевтің, Мұқағали Мақатаевтың, Сағи Жиенбаевтың, Сабырхан Асановтың, Фариза Оңғарсынованың, Оспанхан Әубәкіровтің, Асқар Оразақынның, Мұхтар Шахановтың, Бекен Әбдіразақовтың, Дүйсенбек Қанатбаевтың, сыншылар Асқар Сүлейменовтің, Төлеген Тоқбергеновтің, Сағат Әшімбаевтың аттары Алматыны ұстап тұрды. Осылардың ішінде Әбіш Кекілбаев есімі әдебиет тамыршысы ретінде ерекше құрметпен аталатын. Сол жылдарда Әбіш Кекілбаевтың «Дәуірмен бетпе-бет» деген айрықша ақындық, эстеттік, сыншылық парасатпен жазылған кітабы қолдан-қолға өтіп, мұқабасы ақжемденіп кеткені өз алдына бір хикая. Әбіш әлемі осылай басталып бара жатты.

1975 жылы, Маңғыстау облыстық «Коммунистік жол» газетінде тілшілік қызметте жүргенімде, күз айында, іссапармен Әбіш ағаның туған ауылы Оңдыға арнайы бардым. Оңды Маңғыстау ауданының Каспий теңізіне қарай сүйірлене ұмсынған Түпқараған түбегінің аймағындағы шағын ауылдың бірі екен. Желке тұсында Таушық, кәдімгі соғыс жылдарында көмір қазған, жаудың бомбалаушы ұшағы келіп, бірер бомба бастап, жұрттың үрейін алған жер. Осы жерде Әбіш ағамыздың анасы, қазақтың киелі аналарының бірі атанып, «Әбіштің анасы» деген халықтық құрметке ие болған Айсәуле апамыз шахтада көмір қазып, жеңіске үлесін қосқан. Сталинград қоршауындағы қиян-кескі ұрыста қазаға ұшыраған Кекілбай ағамыз батысқа аттанғанда екі жасар Әбішін арқалаған Айсәуле анамыз оны көш жерге ұзатып салып, көзінің жасы боталап, қыр басында қарайып қалған екен. Енді Айсәуле анамыз сол қырдың басында қазақ аналарының атынан ескерткіш болып, батысқа үмітпен қарап әлі отыр. Осы Оңдының аты алдағы күндерде «Әбіш Кекілбаев ауылы» деп аталатын болар деген үміт те көп көкіректе бас көтеріп қояды.

Оңдыда Әбіш ағаның кластастарымен кездестім. Олардан Әбекеңнің мектептегі жылдары, отбасы, балаң жігіт кезіндегі өмірі, жалпы, ауылдағы адами болмысы, арман-мақсаты туралы әңгіме сұрадым. Олар да білгенін жасырған жоқ, әрі мақтана, әрі өзімсіне отырып талай қызықты да әсерлі сәттерді ортаға салды. Соның бірі, ұмытпасам, ол кісінің де есімі Әбіш болса керек, мына жайды айтып берді: «Бір жолы кеңседен кештеу шығып, үйге қайтып келе жаттым. Күн суық еді. Қар жауып, борандатып тұрған. Боран ішінде бір бала бара жатты. Қолтығына қысқан заты бар. Боран кезінде далада жүрген кім екен деп, дауыстап тоқтаттым. Шамасы, он үш-он төрт жасар оқушы екен. Қолтығындағысы кітаптар болып шықты. Алып қарасам, Белинскийдің толық шығармалар жинағы екен. Таңданып қалдым. «Мына кітапты кімге апара жатырсың», дедім. «Өзім оқимын», деді. «Қай кластасың?», деп сұрадым. «Жетінші кластамын», деді сыпайы жауап беріп. Бұл бала ауылдағы қадірлі апамыз Айсәуленің ұлы Әбіш еді. Сәт-сапар тілеп ұзатып салып, соңынан қарап тұрдым. Тегін бала болмас, мына жасында алып Белинскийді оқып жатқан бұл бала деп сүйсініп те тұрдым. Сол кезден Әбішті сырттай бағумен болдым».

Сәл кейін, сегізінші класта жүргенде, белгілі жазушының жарияланған кітабының әдеби ұрлығын жан-жақты дәлелдеп, сол кездегі «Лениншіл жас» газетіне көлемді мақала жазып, көпті таң қалдырған Әбіш Кекілбаев әдеби ортаға өзіндік ізденісімен осылай келген еді. Жалпы, Әбекең өзінің алғашқы жазбаларын сыннан бастаған. Мектепте оқып жүргенде «Екпінді егін екпей ме?» деген сын мақаласы аудандық «Жана өмір» газетінде жарияланып, ол мақала аудандық партия комитетінің арнайы бюросында қаралып, Әбіш аға сол талқылауға мақала авторы ретінде қатысқан екен. Ауылға келген соң бір жамағайыны: «Балам, өмірден жақсылықты көбірек ізде, өмірдің қуанышын көбірек көр, сапарың игілікті болсын», деп ақылын айтыпты. «Сол кезден бастап ащы сын жазуды тоқтаттым», деп отыратын Әбіш ағам сол кезді еске алғанда.

\* \* \*

Жалпы, Әбекең өзінің іс-әрекеттерінен, тіпті, болмашы қателіктерінен де қатты сабақ алып отырған адам еді. Бұл жағынан келгенде, Абай атасын ертерек ежіктеп оқыған соң болу керек, өз ісіне үнемі сын көзбен қарап, өткеніне есеп беріп отыратын.

Қазақ әдебиетінің тарихын таразылауда, әсіресе, ақын-жыраулардың асыл мұраларын елге жаңаша жеткізуде ерен еңбек сіңірген көрнекті ғалым Қабиболла Сыдиықов ағамыз Алматы облысының бір аруымен танысып, үйленетін болып сөз байласып, көңілге тоқ санап, демалысқа елге кетіпті. Елі алыс қиырда жатқан Атырау аймағы. Қыз да шетел тілдері институтының түлегі болып, дипломын алып, ауылға – Нарынқолға барады. Сол жерде жеңгесіне жіңішкеп сырын жеткізіп, сөз байласып келген адамым бар деп баян етеді. Жеңге сөзі желдей ұшып, ата-ананың құлағына жетіп, Атырауды жердің түбі деп «қорқып» кеткен ата-ана қызды көрші ауылға апыл-ғұпыл ұзатудың қамына кіріседі. Құдалар да қаздып келіп қалып, қыздың басына шындап қауіп төнеді.

Ол кезде ұялы телефон, сірә, жоқ, жай телефонның өзі ауылда қат кезең. Араға хат түседі. Үшбу хат бір қиырда жатқан Атырауға жеткенше, асығыс хабарды алған бір топ жерлес жігіттер атқа қонып, Нарынқолға тартады. Әрі тарт, бері тарт болып жатқанда, әрең дегенде үлгеріп, күйеу жігіт те жетеді. Содан бір топ жігіт қызды алып қашады. Намыс қысқан Нарынқол атқа мінеді. Қашқындар тау бөктерлеп тартады. Жер жағдайын жақсы білетін нарынқолдықтар ұзатпай жетіп те қалады. Сол кезде Әбекең тосқауылда қалып, қуғыншы топты күтіп алады. Үш қыздың ортасында, өзі айтқандай, «қуыршақ ойнап өскен» Әбекең төбелестің тәсілін, сірә, білмейді. Алқын-жұлқын жеткен алғашқы жігітті кеудеден қыздар секілді итеріп кеп қалғанда, ол өз екпінімен құлап, басы тасқа тиіп, қан бұрқ ете қалады. Сол кезде қуғыншылар да толық жетіп, басы жарылған «баһадүрін» қаумалап қалып қояды.

Осы ұрымтал сәтті ұғымтал пайдаланған Әбекең қоршаудан сытылып шығып, ұзап кете барыпты. Әбекеңнің онда сидан, сыпа кезі, қуа түскендерге қара шалдырмай кеткен тәрізді. Бұл Әбіш ағамыздың республикалық деңгейдегі төбелеске бірінші және соңғы рет қатысқаны екен. «Содан кейін төбелес болатын жерден аулақ жүретін болдым» дейтін Әбіш аға бейне-бір қан майданның ортасынан қаһармандықпен аман шыққан батырлардай жан-жағына күлімсірей қарап. Сосын төбелестен гөрі қаламға икемді оң қолымен маңдайдан тартып, жел қайдан соғар екен деп жан-жағына алаңдаған, ақ шулан тарта бастаған бұйра шашын бір қайырып тастап, селкілдей күлетін. Ағамыздың сол кездегі батырлық қимылынан енді бүгін бекем белгі таба алмасақ та, біз де мәз болып қалушы едік.

Әбекең Елбасымыздың сенімді серігі болып ұзақ жылдар аса жоғары лауазымды қызметтерде еселі еңбек етті. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі атаулы жылдарды қалыптастыруда, Жоғарғы Кеңестің төрағасы кезінде астана ауыстырудың тарихи күндерінде, одан кейінгі ғасырлық оқиға болып ел егемендігінің шежіресінде қалған ұлы көште, Сарыарқа даласында ірге көтерген жаңа Астананың қаз тұрып, қадам басу шақтарында ол үнемі Мемлекет басшысының оң қолында, қамшылар жақ тұсында болды. Әбекең дүниеден озғанда оның отбасына жолдаған көңіл айту

жеделхатында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осыны ерекше атап өтіп, оның шын мәнінде ретті жерінде ақылшы, кезі келгенде кеңесші, орайы келгенде орындаушы болғандығын ілтипатпен атап өтті. Көзі тірісінде құрметтеп, омырауына Еңбек Ерінің Алтын белгісін таққаны да осының айқын көрінісі еді.

Осынау жылдарда, қазақ елордасының ірге көтеріп, еңсе тіктеген шақтарында Әбекең көркем прозаның көшін сәл доғарып, көсемсөзге көбірек жүгінді. Адамзат тарихында қашанда осылай болған. Ілгері-кейінді ғұмыр кешкен қайраткерлердің көбі, әсіресе, қаламгерлік тағдыры халықпен етене жақын жандардың көбі, тар кезең, талайлы тұстарда көсемсөздің көрігін қыздырған. Әрине, оны олар тіл безеудің, немесе сөз саптаудың мақсатында емес, елге жөн сілтеу, жұртымен жүректестігін таныту тұрғысында ақыл-парасатпен солай шешкен. Жаңа тұрпатты мемлекет қалыптасу кезеңінде мұндай айтулы тұлғалар атажұртында болып жатқан, болуы мүмкін тарихи жағдайларды өз халқына жеткізуді ең басты борыш деп есептеп, уақыт трибунасын уағыз мінберіне айналдырған. Әбіш Кекілбаевтың тәуелсіздік кезеңіндегі «әдеби сараңдығын» әлеми дамудың дүбірінен іздеуіміз қажет. Сол уақыт ырғағында оның өзіндік үні көсемсөздеріндегі көшелі ой, көркем баяндауларында бой көрсетеді. Мұны жай ғана авторлық көзқарас ретінде емес, ел дамуындағы ердің елге арнаған елеулі үндеулері деп қабылдаған орынды.

Әр дәуірдің өз әдебиеті бар. Соған сай қаламгерлері бар. Оқырмандары бар. Жұртының жақсы күндері үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей, еңку-еңку жер шалып, егеулі ойды қолға алған Әбіш Кекілбаевтың тәуелсіздік жылдарында жазған көсемсөздерін, эсселері мен еске алуларын, Алаштың айбынды ұлдарының ерен еңбектерін сан қырынан жарқырата көрсеткен жарияланымдарын диттеп оқып, көкірегіне түйіп жүрген оқырман осы кезеңдерде Әбіш аудиториясының алғыр шәкірттері болды деп айтсақ, асыра айтқандық болмас. Қай тақырыпқа салса да қақыратып әкететін, қай қиырға салса да Кекілбаев қаламын қапысыз көрсететін сол көлемді де, кемелді мақалалары тәуелсіздікке тұрлаулы түрде қызмет жасады. Қаламгердің хас таланты мен энциклопедиялық білімдарлығы саясаттың сыны мен сырына қаныққан сайын ол мемлекеттік жауапкершілікті биік деңгейде ұстайтын тұлғаға айналып келе жатты. Тәуелсіздік қалыптастырған тұлғалардың бірі де, бірегейі де бола алды ол.

Табиғат сыйлаған ақындық ұшқырлық пен ақындық алғырлық оның уақыт мінбесіндегі әлеуетін барынша кемелдендіре көрсетіп, заман тудырған тұлғалық болмысы туған халқының бүгіні мен ертеңіне аса алаңдаулы азаматтың адами портретіне парасат бояуларын тұндырды. Мәдениет алаңындағы мылтықсыз майданда ол әрі жолбасшылық, әрі қолбасшылық міндетті қатар атқарып, өз тұрғыластарының қатарында иығы озып, иіні тұлғалана түсті. Өмірде барынша қарапайым, өнерде барынша кірпияз, тұрмыста барынша тоқмейіл, қызметте барынша зерделі Әбіш Кекілбаев азаматтық автобиографиясын ұлтқа қызмет етудің ерен үлгісін ұстанған Алаш арыстарының мақсат-мүдделеріне адал қалпында ғұмырдан озды. Бір қарағанда, сырт көзге қарапайым да сабырлы Әбекеңнің ішкі жан дүниесіндегі ағыстар мен қағыстарды сезіну де оңай емес-ті.

Ол түлеп ұшқан «Лениншіл жас» газетіне 70-ші жылдардың ортасы ауа біздің толқын келді. Елуінші жылдардың ұрпақтары. Ол отырған бөлімде, Әдебиет және өнер бөлімінде мен де жетекші болдым. Әдеби ортаға араластық. Әбекеңдер салған сүрлеуді одан әрі жалғастырдық. Сол кезде олардың толқындарынан да бұрын осы басылымға келген аға толқынның өкілі – Бүбіхан апамыз бен Бағдат ағамыз Әбіш көкеміз туралы небір нұрлы да сырлы пікірлерін ортаға салып, бізге тәлім-тәрбие бергендей болып отыратын. Бүбіхан апамыз: «Әбіш жұмыста отырып ойланған сәтінде ботаның дауысына салып, боздап отыратын, шамасы елін сағынатын болу керек, жаны да ботадай нәзік еді» деп айтатын. Бағдат ағамыз: «Пәлі, Әбіштің кезіндегі редакция араның ұясындай қайнап жатушы еді, бәрінің ортасында Әбіш әдебиетті де, өнерді де жілікше шағып, дауды басып, төрелік айтып, төбе би болып отыратын, білімі ұшан-теңіз, қайран қалушы едік» деп тамсанғанда біздің Әбекеңе деген құрметіміздің қызуы одан әрі көтеріліп кететін.

Жаны ботадай нәзік демекші, 1992-1993 жылдары Әбекең «Егеменді Қазақстан» газетінде бас редактор болып қызмет атқарды. Бас басылымның «ді» деген жалғауын жұлып тастаған да осы Әбекең. Сол кезден бастап газет «Егемен Қазақстан» деген қазіргі атымен шыға бастады. Осы кезеңде елде ықшамдау (оптимизация) деген науқан жүрді. Бас редактордың атқосшылары зейнет жасына жеткен бірнеше адамның тізімін Әбекең алып кіреді. Қысқарту керек. Әбекең қатты қиналады. Тізімге қол қояйын десе, оларды аяп, қолы батпайды. Жоғары жақтың пәрмені де күшті. Содан ұзақ жыл газетте істеген Күлтай деген апамыз Әбекеңнің алдына келеді. Жағдайын айтады, көзіне жас келіп отырғанда, басшының түсіністікпен қарағанын сезініп, ағыл-тегіл жылайды. Жауапты қызметкерлер оның сыртқа шығуын күте-күте төзімі таусылып, ішке кірсе, Әбіш ағамыз да әлгі апамызбен қосыла жылап отырған көрінеді. «Тимендерші, жүре берсін, өзім жауабын беремін», депті көз жасын сүртіп жатып.

Осы газетте болған екінші бір оқиға да еске түсе кетті. Қысқарту жүріп жатады. Әлекедей жаланған жастар қоя ма, тізімнің қарасы да молая түседі. Сол тізімге ұзақ жыл басылымда қызмет атқарған белгілі журналист Тәжібай Битаев та кіреді. Ертеңіне бүкілқалалық сенбілік болып, Әбекең бастаған егемендіктер еңбек етуге жиналады. Тәкеңнің кіші ұлы әлі мектепте, он жастағы шамасы болса керек. Сенбілікке ерке ұлын ала келген Тәкең баласына: «Әбіш көкеңе сәлем бер» деп жөн сілтеп жібереді. Бала келіп, үлкендерше сәлем беріп, қос қолын бірдей ұсынады. «Кімнің баласысың, атың кім?» деп Әбекең үйіріле түседі. Сосын жымыып күліп тұрған Тәжібайға қарап: «Тәке, немереңіз бе?» деп сұрайды. «Жоқ, Әбеке, кенжем ғой, ағасына сәлем берсін деп ертіп келіп едім» дейді елгезек Тәкең. Ертеңіне орынбасарын шақырып алған Әбіш аға: «Тәкеңнің баласы әлі жас екен, буыны қатсын, обал болар, Тәкеңді қысқартпайық, жүре тұрсын» деп және шешім шығарады. Тәжібай ағамыз осыны айтқанда оның да жанары боталап кетуші еді. Бір-бірін қадірлеген, қайран ағалар. Адами сыйластықтың алтын арқауын Алланың пәрменіндей ұстаған өз ағалар.

\* \* \*

Әлі есімде, 2009 жылдың 7 қарашасы. Ол кезде Мемлекеттік хатшы Қанат Саудабаев болатын. Ол кісі әрі Сыртқы істер министрі қызметін қоса атқаратын. Он күнге демалыс алып, Көкшетау аймағындағы «Оқжетпес» санаториясына бару үшін жолға жиналып жаттым. Таңертеңгі мезгіл. Автокөлігімді ауладан шығарып жатыр едім, қол телефоным сыңғырлап қоя берді. Тыңдасам, Әбіш ағам екен.

– Өтеген, қайдасың, біздің үйге келе аласың ба, ақылдасатын жай бар еді, – деді ол сәл абыржыңқы үнмен. Жолға жиналып жатқанымды, егер мүмкін болса, айтар сөзіңізді телефонмен айта берсеңіз бола ма деп өтіндім. Сәл кідіріп барып: «Өзің білесің, желтоқсанда жетпіске толамын ғой, осыдан бір ай бұрын Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдап, «Әбеке, үлкен жасқа келесіз, Сізді еліміздің ең үлкен марапаттарының біріне ұсынамын, алаң болмаңыз» деп еді. Маған түскен мәлімет бойынша біреулер «Кекілбаевтың соңғы награда алған уақытына әлі бес жыл толған жоқ, заң көтермейді» деп, Ақорда жаққа тоқтау салған секілді. Менің соңғы награда алғанымға тура бес жыл толды. Айтушылар адасқан секілді. Осыны ақылдасайын деп едім» деп тоқтады.

– Аға, мен бүгін жолға шыға берейін, дүйсенбі күні қайтып келіп, Қанекене кіремін, барлық жайды жан-жақты айтамын, – дедім. Әбекең келісімін берді.

Дүйсенбі күні, 10 қарашада, Сыртқы істер министрлігіндегі қызмет кабинетінде отырған Қанат Бекмырзаұлына келіп кірдім. «Сен демалыста емессің бе, неғып жүрсің?» деген сұраумен қарсы алды. Болған жайды толық баяндадым.

– Мен бұл туралы білмейді екенмін, Әбекең қайда, ренжіп жатыр ма, ренжімесін, қазір барып сәлем айт, мен үлкен кісіге кіремін, жағдайды түсіндіріп, қолдан келгеннің бәрін жасаймын, ал сен Әбекеңнің құжаттарын шұғыл дайында, – деді Қанекен әдетінше жылдам шешім қабылдап. Сосын сәл кідіріп барып, «қазір Әбекеңмен қос, телефонмен сөйлесейін» деді. Қостым. Екеуі емен-жарқын сөйлесті, Мемлекеттік хатшы әлгі сөзін сол күйінде қайталап, маған құжаттарды дайындауға тапсырма бергенін айтты. Сосын «дереу Әбекеңе бар, құжаттарын дайында» деп тапсырды. Он минуттан кейін Әбекеңнің үйінде отырдым. Айттым бәрін. Сол кезде ағаның үй телефоны қоңыраулап, тұтқаны көтерген Клара жеңгем: «Әбіш, сені Қанат Саудабаев сұрап тұр», деп телефонды ағаға берді.

Қанекенмен біраз сөйлесті. Әбекеңнің қабағында күн күліп, ай туып келе жатты. Көңілденген кезіндегі әдеті бойынша: «Асықпай шәй ішелік, Клара», деп жеңгемізге шуақтана қарайтын әдетімен төрге озды. Сол күні кешке қарай Қанат Бекмырзаұлы мені шақырып: «Нұрсұлтан Әбішұлында болдым, бәрін айттым, Елбасы толық құптады, жақсы қабылдады. Әбекеңді 19 қараша күні сағат үште өзі қабылдайтын болды, енді ағанды дайында», деді жадырай күліп. Жақсы хабар алған Әбекеңнің үйінде ұзақ шәй іштік. Жақсы хабардың жоралғысы деп басқа да сусындар «бас киімін» шешті.

Айтылған күні Ақордада Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Әбекеңді қабылдады. Ағаны үйінен ертерек алып шығып, қолтығынан демеп, Ақордаға алып кірдім. Көңілді шықты. «Нүрекең өте жақсы қабылдады, талай әңгіменің тиегі де ағытылды, алды кең азамат қой, аман жүрсін. Менің туған күнім 6 желтоқсан болғанымен, ол күні Елбасы шет елге ресми сапармен жол жүреді екен, «туған күнге арналған салтанатты мәжілісіңе өзім қатысамын, сөйлеймін, елдің ең жоғары марапатын аласың, бірақ тойыңды 5 желтоқсанға ауыстырайық» деп өтінді. Той осы күні болады, енді соған дайындалайық, Қанатқа сәлем айт, менің рахметімді жеткіз», деді аға жайдарлана сөйлеп. Дайындық бұған дейін де жүріп жатқан.

Уақыт та зулап өтіп жатты. Той дайындығы, әсіресе, Салтанат сарайында жайылатын дастарқанның мәзірі мен әзірі қат-қабат келіп, аға екеуміз тізімге отырдық. Қазақ тойының хаттамасы қандай қиын, шақырылатын 500 адамды үстелге отырғызудың мехнаты мен машақатын аға тартудай-ақ тартты. Күнде Елбасы кеңсесі жақтан хабар күтіп, құлақ тосып отырамыз. Күткен күн де келді-ау. Тойға бір күн қалғанда Елбасы жазушы Әбіш Кекілбаевқа Қазақстанның Еңбек Ері жоғары атағын беру туралы Жарлыққа қол қойды. Ақжарылқап күн, алақайлап қуанған көңіл. Кешкі сағат жеті шамасында ағаның үйіне телефон шалып, сүйінші сұрадым. Жүгіріп жетуге жұмыстан шыға алмай жаттым.

Салтанатты мәжілісте Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы әріптес досы, сенімді серігі туралы ел есінде әлі күнге жүрген ерекше сөзін айтып, Әбекеңнің омырауына Еңбек Ерінің Алтын жұлдызын қадады. «Мұхаң бастаған алыптар жетпей кеткен жоғары атақ маған бұйырды», деп толқып, Жаратқан иеміз жанын жұмсақ материалдан жаратқан Әбіш ағаның толқып, жанары боталап тұрып, жұртына, Мемлекет басшысына айтқан рахметі де көптің көкірек мұражайында әлі қаттаулы тұр. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген елдің баласымыз ғой, Әбекеңнің осы жоғары атақ алуына тікелей себепші болып, азаматтық қайрат танытқан Қанат Саудабаевтың еңбегін біреу білер, біреу білмес деп, орайы келгенде ортаға салдым.

Осынау ізгі ниетті бастаманың ойдағыдай орындалуының басы-қасында болып, қабылдау мен салтанатты іс-шараның жай-жапсарын жанашыр азаматтықпен жүзеге асыруға әрі інілік, әрі мемлекеттік хаттамалық жағынан қызмет көрсетіп, мәдени кештің жоғары дәрежеде өтуіне тікелей басшылық жасаған белгілі мемлекет қайраткері Махмұд Қасымбековтің еңбегін де риза көңілмен көпке жеткізу парыз деп ойлаймын.

Болған шындық осы. Әрине, тарихи шешімді қабылдаған Президентіміз, берілген бұл атақ оның Әбекеңе деген құрметінің шынайы көрінісі. Ел тұлғасының ерен еңбегін бағалауы. Осы жерден де ұпай алғысы келіп, ұрынып жүргендердің де бар екенін білгендіктен, «айтпаса, сөздің атасы өлер» деген тәмсілді ұстанып, тілге тиек бердім.

\* \* \*

Әбіш Кекілбаев әлемі – күрделі әлем. Осы әлемнің ішінде болғандар ақиқатқа жүгініп, айтарын айтар. Оның рухы бізге енді алыс ғарыштан қарап тұрғандай. Жазушының жан дүниесіндегі жұмбақтар мен тылсымдарды да таратып айтудың кезегі келеді. Шандоздық ғұмырдың шындығы уақыт өткен сайын ашыла береді.

Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Журналистика академиясының академигі